

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жаһандық жылынды әкелген-экологиялық ахуал

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.04.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/152520/

Жаһандық жылынды әкелген - экологиялық ахуал

Табиғаттың бір бөлшегі саналатын адамзат қоғамы үшін ХХІ ғасырдың басты мәселесі - жаһандық жылыну. Жаһандық жылыну туралы алғашқы болжамдар өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасында пайда болды. Тұңғыш дерек америкалық баспасөз бетінде жарық көріп, «жаһандық жылыну» термині өмірге келді.

Жаһандық жылыну үрдісінің тежелмеуі, қайта үдей түсуі қоршаған ортаға, сонымен қатар адамзат тіршілігіне орасан зор қауіп төндіріп отыр. Ғалымдардың зерттеуінше жер шары жылдан-жылға қызып барады. Қыза берудің қаупі мұзды мұхитты ерітіп, жер бетін топан су қаптауға әкелетін апатты құбылысқа жол ашатыны белгілі.

Жаһандық жылындың негізгі себебі не? Осы сұраққа жауап іздеушілер оның бірнеше жеріналға тартады екен. Климаттағы өзгерістерді кейбір ғалымдар күннің белсенділігінің арқасы деген пікір айтса, екінші біреулері югославтық астроном Миланкович оны жердің күнді айналу орбитасының бұрыштық өзгерісінен деп түсіндіреді. Осындай болжамдар қатарына атмосфераға көмірқышқыл газы мен күкірт қышқылы аэрозолін шығарушы вулкан белсенділігін, күн жүйесі мен күннің өзара қарым-қатынасынан туындайтын өзгерістерді т.б. жатқызуға болады.

Ал енді біреулері бұл жағдайды жер шарындағы адамдардың санының өсуінен деген пікірді алға тартады. Бұл пікірдің растығына анық көз жеткізе алмасақ та, 2050 жылы 9 миллиардқа жетеді деп болжаған адамзат ұрпағының табиғи өсу процесі, шынында да, үлкен мәселе екенін мойындамасқа болмайды.

Дегенмен ғалымдардың басым көпшілігі жаһандық жылындың негізгі себебін ауаға бөлінген техногендік қоқыс қалдықтары көмірқышқыл газы мен метанның көлемі шектен тыс асып кеткендіктен болып отыр дейді. Осыдан келіп ғалымдар қазіргі жаһандық жылыну үрдісіне себеп болып отырған кесапат негізінен адам қолымен жасалып отыр

деген тұжырымға келген. Сондықтан зерттеушілердің пікірінше, жаһандық жылыну – адамдардың қоршаған ортаға деген жанашырлығының жоқтығынан пайда болған әлемдік маңызы бар күн тәртібіндегі өте қауіпті мәселе!

Жер ғаламшарына бағытталған күн сәулесінің 1-5%-ға өзгерген уақытта жаһандық жылыну орын алады екен. Мысалы жер жаһан 1-5%-ға көп күн радиациясын тартатын болса мұздықтар еріп, континенттер су астына кетеді екен. Ал керісінше 1-5%-ға аз түсетін болса, бүкіл жер беті, мұхит беттері қоса қатып қалады. Адамзаттың міндеті климатты тұрақтандыруға барынша күш салуы керек.

Әлемдік экология саласының сарапшысы М.И. Будыко «Адамзат атмосфераға көмірқышқыл газын (CO₂) шығарып, кезекті мұз дәуірінің алдын алды» деп болжайды. Былай қарасақ таңғаларлық пікір. Шынымен де біз әрекетіміздің арқасында ғаламды мұз басудан аман алып қалған болсақ, демек ғалам жылынуынан да өзімізді сақтап қала алатындығымыз анық деген сөз.

Мысал ретінде парниктік газдарды алайық. Парниктік газдар шығарындыларын азайтудың ең оңай жолы – заттарды өзімізге қажетті мөлшерде ғана сатып алу. Барлығы осыдан басталса керек. Мысалы, бензинді және дизельді автокөліктерді аз жүргізу немесе қайта пайдалануға болатын азық-түлік өнімдерінен шығатын қалдық пен сол азықты салып таситын полителен қалташаларды пайдаланбай, сынды қарапайым ғана мысалдар парниктік газдардың шығарылуын азайтуға әр адам үлес қоса алады екен. Тұтынудың артуы бүкіл әлем бойынша өнімді өндіру және жеткізу үшін көп қазба отындарын жағуға әкелетіні шындық.

-«Жыл сайын шамамен 12 миллион гектар орман жойылады. Ормандарды кесу, ауыл шаруашылығы және жерді пайдаланудың басқа түрлері әлемдегі парниктік газдар шығарындыларының деңгейін арттыра түсті. Бұл жағынан ағаштарды жалғыз немесе ұжым болып отырғызу арқылы бәріміз бұл қауіптің алдын алуға сәл болса да ықпал ете аламыз. Осылайша, әр адам жер шарымыздағы климаттың өзгеруі процесін төмендетуге атсалысуы қажет. Ол үшін экологиялық транспортқа, энергияны үнемдейтін шамдарды пайдалануға, тұрмыстық заттарды оңтайлы пайдалануға және қайта өңдеуге әрекет жасауы керек. Егер біз жаһандық жылынды тоқтатып, климаттың өзгеруінің қорқынышты салдарын алдын алу үшін, атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын бөлінуін тоқтата алмасақ не үшін адам болып жүрміз. Бұған әр адам өз үлесін қоса алатыны анық», – дейді PhD жасыл технологиялар саласының сарапшысы Серікхан Айдарханұлы.

Сарапшының айтып отырғаны, қазба отындарын пайдалануды азайту және жаппай жаңартылатын энергия көздеріне көшу, жер жамылғысын қалпына келтіру, өйткені топырақ бетіндегі қара шіріктің жоғалуы парниктік әсерге тікелей әсер етеді екен. Қалалы жерлерде жеке көліктен бас тартып, велосипедтерге, қоғамдық көліктерге және

электромобильдерге ауысуымыз қажет.

-«Табиғи парниктік газдар қатарына көмірқышқыл газы (CO₂), метан мен азот оксиді жатады. Мыңжылдықтар бойы табиғат атмосферадағы бұл газдардың деңгейін өзі реттеп келді. Бұл адамдар энергия алу үшін тау жыныстарын пайдалана бастағанда өзгеріске ұшырады. Ал ол өз кезегінде (CO₂) эмиссиясының артуына алып келді. Атмосферадағы табиғи теңгерім бұзылғаннан кейін жер шарының жылынуы басталады», - дейді климаттың өзгеруі бойынша әлемдік сарапшы Паскаль Педуцци.

Билл Гейтстің айтуы бойынша атмосфераға шығарылатын парниктік газдардың 50%-ға төмендеуі температураның көтерілуін тоқтатпайды, тек оны баяулатады. Егер бұл шығарындылар 99%-ға қысқарған кезде экономика салалары қандай жағдайда болатыны белгісіз болып отыр. 2050 жылға қарай парниктік газдарды жоюға бағытталған технологиялар, саясат және нарықтық құрылымдар бойынша қарқынды жұмыс кезеңі болуы керек деп санайды. Қазіргі таңда шығарындыларды ең төменгі мөлшерге дейін төмендетудің әртүрлі тәсілдері және оларды іске асыру әдістері егжей-тегжейлі қарастырылып жатыр. Егер қоғам мен саяси билік мәселеге асқан жауапкершілікпен қарайтын болса, әлем апаттан құтылып шыға келуі бек мүмкін. Жаһандық жылыну әлем халқының алдында тұрған аса үлкен мәселенің бірі екені рас. Ең өкініштісі сол, біз ғаламның жылынуы туралы хабарды күн сайын естіп, сәт сайын оқып жүргеннен кейін оның тереңіне үңіліп, маңызына мән беруді мүлде қойдық. Ғаламдық жылыну салдарынан бүгінге дейін белгісіз болып келген патогендер қоршаған ортаға түсіп, адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіруі мүмкін екен. Қалай айтқанда да адамнан айла құтылмаған. Әрине, оның ақыл-ойына қозғау салушы - бір жаратушы Алла!

Төкен Әйгерім

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.